

Тобы	Ерте жас тобына арналған перспективалық жоспар									
Оқу жылы мен айы	ҚАҢТАР //2021-2022									
Білім салалары (оқу қызметінің түрі) және апта жүктемесі	Денсаулық	3	Қатынас	1	Таным	1	Шығармашылық	2	Әлеумет	-
	Дене шынықтыру	3	Сөйлеуді дамыту	0,5	Сенсорика	0,5	Музыка	1		-
			Көркем әдебиет	0,5	Жаратылыстану	0,5	Сурет салу	0,5		-
							Мүсіндеу	0,5		-
										-
										-
<b>Қыс қызығы / Зимние забавы / Winter fun // (1-апта)</b>										
Мақсаты. Балаларды қысқы ойындар түрлеріне қызығушылықтарды тудыру; қысқы киім үлгілері мен атрибуттарды таңдауға үйрету.										
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қармен ойнайық". Мақсаты: Балалардың ыңғайлы қозғалыс		Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Шанамен сырғанаймыз". Мақсаты: Балаларға қыс туралы ұғымдарын		Сенсорика. Тақырыбы: "Аққала". Мақсаты: Бір уақытта екі қасиетін ажырата білу; түсін және		Музыка. Тақырыбы: "Аққала". Мақсаты: Ширақ және сабырлы сипатын қимыл арқылы көрсету.			

<p>мақсаты.</p>	<p>ыңғайлы қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, оларды қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіруге бағытталған қимыл-әрекетке, ынталандыруға шақыру. Бір-бірден жүру және жүгіру жаттығуларын жасау, допты қашықтыққа оң және сол қолдармен лақтыру, сигналға тез әрекет ету, балаларды жүруге жаттықтыру, теңе-теңдікті жоғалтпау қабілеттерін бекіту; балалардың ептілік, шапшаңдық, тапқырлық қабілеттерін дамыту; дене шынықтыруға деген қызығушылықтарын, спортпен шұғылдануды</p>	<p>қыс туралы ұғымдарын жалғастыра отырып, қыс қызықтарымен таныстыру, жана сөздермен таныстырып үйрету; тыңдау мәдениетін қалыптастыру; тілдің грамматикалық құрылымына, сөзді дыбыстау мәдениетіне және байланыстырып сөйлеуге үйрету; байқағыштық, зейіндерін, ой - өрістерін, еске сақтау қабілеттерін дамыту; оқу қызметіне, достыққа, адмгершілікке тәрбиелеу.</p>	<p>білу: түсін және шамасын, ересек адамның көмегімен құрастыра білу, ұсақ моториканы дамыту, айналадағы ортаға жақсылық көрсетуге тәрбиелеу, бір жұмысты аяғына дейін орындауды үйрету.</p>	<p>қимыл арқылы көрсету, төмен және жоғары дыбыстарды есту, сезінуге тәрбиелеу. Балаларды шашыранқы түрде оңай жүгіруге үйрету, қолдарымен әр түрлі қимылдар жасау. Жаңа әнмен таныстыру, мазмұны, мінезі туралы әңгімелеу. Балаларды қимылдарды музыкамен байланыстыра орындауды үйрету. Балалардың тембрлік естуін жақсарту үшін: сылдырмақ, барабан, дабыл дауысын ажырату.</p>	
-----------------	---	--	--	--	--



қалауға тәрбиелеу.				
<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Пингвиндер ұқсап секірейік". Мақсаты: Балалардың екі аяқпен алға секіруді үйретуді жалғастыру. Белгілі бір бағытта қолденен нысанаға лақтыруды үйрету. Педагог сигналына әрекет ету қабілетін жетілдіру. Бір-біріне соқтығыспай жүру және жүгіре білуге жаттықтыру. Дене шынықтырумен кезінде жағымды эмоцияларды тәрбиелеу.</p>			<p>Сурет салу. Тақырыбы: ""Аккала" "боюу"". Мақсаты: Суреттің ішін бояулармен бояуға үйрету ("боюу" әдісі деп аталады); қыстың белгілерін ажырата білуге және атауға үйрету; балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынасын дамыту; қимылдарды сөзбен үйлестіру арқылы орындау қабілетін қалыптастыру.</p>	
<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қарға секірейік". Мақсаты: Балаларды гимнастикалық</p>				

	орындықта еңбектеп, одан секіріп түсуге үйрету, допты нысанаға домалату, бір-біріне соғылмай жүру және жүгіру жаттығулары; педагог сигналына әрекет ету қабілетін жетілдіру; төзімділікке, батылдыққа, тепе-теңдік пен көзбен мөлшерлей білу сезімдерін дамытуға үлес қосу.				
<b>Қардың пайдасы / Свойства снега / Properties of snow // (2-апта)</b>					
Максаты. Балаларды қардың түсі ақ, мамықтай жерге түсуін байқатуға үйрету; қармен ойнауда қауіпсіздік ережелері жайында түсініктер беру.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қысқы жолдармен жүрейік". Максаты: Балаларды гимнастикалық орындықта еңбектеп, одан секіріп түсуге үйрету, допты	Көркем әдебиет. Тақырыбы: "Қар туралы жанылтпаштар жаттау". Максаты: Балалардың өлең мәтінін құлақпен қабылдау, жеке сөздер мен сөз тіркестерін	Жаратылыстану. Тақырыбы: "Аппақ қар". Максаты: Қыстың негізгі белгілері туралы ойларын кеңейту және бекіту, табиғат құбылыстарын	Музыка. Тақырыбы: "Қарандаршы далаға". Максаты: Балаларды кимылдарды музыкамен үйлестіруге үйрету. Музыканы тыңдау және оған	



<p>нысанаға домалату, бір-біріне соғылмай жүру және жүгіру жаттығулары; педагог сигналына әрекет ету қабілетін жетілдіру; төзімділікке, батылдыққа, тепе-теңдік пен көзбен мөлшерлей білу сезімдерін дамытуға үлес қосу.</p>	<p>есте сақтау қабілетін қалыптастыруды жалғастыру. Қыс мезгілі туралы білімдерін бекіту. Есту жадын, зейінін, ойлау қабілетін дамыту. Сөйлеу кезінде етістіктер мен зат есімдерді қолдануын белсендіру. Өлең айтуға деген құлшынысын, көркем шығармаларға деген қызығушылығын арттыру.</p>	<p>бақылау, оларды атау; байқауға, қорытынды жасауға, логикалық ойлауды, сөйлеуді, зейінді дамытуға үйрету.</p>	<p>эмоционалды жауап беру қабілеттерін қалыптастыру. Бірдей қарқынмен ән айту үйрету. Балалардың тембрлік есту қабілеттерін арттыру: сылдырмақ, барабан, дабыл дауысын ажырату үйрету. Қысқы табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p>	
<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Міне, қалай қар сықырлайды". Максаты: Балаларды көлбеу тактайда жүруге, оң және сол қолдарымен қашықтыққа лақтыруға үйрету, ептіліктің дамуына ықпал ету,</p>			<p>Мүсіндеу. Тақырыбы: "Ақкала жасаймыз". Максаты: Ермексазды алақанның ортасына салып, айналма қозғалысымен дөңгелек пішінін жасауды үйренуді бекіту, дайын бұйымдарды тактайшаға қоюды</p>	

	жасқаншақтықты жеңу, біріге ойнауға үйрету.			үйрету, дайын бұйыммен тамсану.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қарды алысқа лақтырайық". Мақсаты: Балаларға доп лақтыруды және оны ұстап алуды, көлбеу тактайда жүру, еңбектеуге жаттықтыру, балаларды жылдамдық, ептілік, ойындар мен ойын жаттығуларына зейінін дамыта отырып, әртүрлі жүру және жүгіру түрлерінде жаттықтыру, тату ойнауға тәрбиелеу, жаттығуларға деген қызығушылықты арттыру.				
<b>Аңдардың қысқы тіршілігі / Зима в лесу / Winter in the forest // (3-апта)</b>					
Мақсаты. Балаларға аңдардың қысқы тіршілігі жайында жалпы түсініктерді беру; аңдардың қимылдарына еліктеуге ынталандыру.					
Оқу	Дене шынықтыру.	Сөйлеуді дамыту.	Сенсорика.	Музыка.	



<p>кызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.</p>	<p>Тақырыбы: "Қысқы жолмен". Мақсаты: Дене тәрбиесі кезінде түрлі жүріспен жүруге (қалыпты, аяқ үшімен, тізені жоғары көтеріп жүру, шаңғымен жүруді еліктеу, бірінің артынан бірі жүгіру) жаттықтыру; бекіту, құрсаудан құрсауға өтуді білу; гимнастикалық орындықта жүру жаттығулары (қол белде), жыланша жүру, доғаның астымен өту; күш, жылдамдық, ептілік, өз-өзіне сенімділік, жолдастық, табандылық сезімдерін дамытыңыз; дене тәрбиесі сабақтарына тұрақты қызығушылықты, тәуелсіздікке, қайырымдылыққа</p>	<p>Тақырыбы: "Орманға барайық". Мақсаты: Балаларды жабайы аңдардың қысқы тіршілігімен таныстырып, жана ұғымдар беріп, оларды дұрыс, анық, буындап айта білуге үйрету; еске сақтау қабілеттерін, зейіндерін, сөздік қорларын дамыту; айналадағы әлемге, жануарларға деген қызығушылықты, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p>	<p>Тақырыбы: "Қысқы орманға саяхат". Мақсаты: Көрсету арқылы, балаларға қимылдарды үйрету, шамалар жайлы білімдерін бекіту (үлкен, кішкентай); балалардың шамалар жайлы қасиеттерін топтауды үйрету; сөйлеу қабілеттерін; ұсақ моториканы арттыру. Балалардың бойына жауаптылық сезімін және жабайы жануарларға көмектесу қасиетін сіндіру.</p>	<p>Тақырыбы: "Қонжық пен көжек". Мақсаты: Балаларды өздігінен қимыл-қозғалысын өзгертуге үйрету. Балаларды қарапайым әндерді тыңдауға қалыптастыру. Әннің көңілді сипатын жеткізу үйрету. Музыкаға эмоционалды түрде орындап, қимылдарды музыка жетекшімен бірге қайталау үйрету.</p>	
--	--	--	---	---	--

тәрбиелеу.				
<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Біз шеңбер құра аламыз". Максаты: Балаларды қол ұстасып шеңбер бойымен жүруге, кедергілерден өтіп, төрт аяқтап еңбектеуге, допты домалатуға, белгілі бір бағытты ұстана отырып, жаттығулар жасауға үйрету.</p>			<p>Сурет салу. Тақырыбы: ""Қарлы ағаштар"". Максаты: Балалардың қыс туралы білімдерін бекіту; затты дәстүрлі емес бейнелеу дағдыларын жетілдіру ("батырып" әдісімен мыжылған қағазбен); сөйлеудің диалогтық формасын дамыту; мұғаліммен диалог жүргізе білу, қойылған сұрақты тыңдау және түсіну, оған жауап беру; түстер туралы білімдерін бекіту, зейінді дамыту; шығармашылыққа қызығушылығын арттыру; сабаққа деген қызығушылығын тәрбиелеу.</p>	
Дене шынықтыру.				



	<p>Тақырыбы: "Түзу шеңбер".</p> <p>Мақсаты: Балалардың қол ұстасып шеңбер бойымен жүру қабілетін нығайту; шеңберге тұру; дене жаттығуларының дұрыс орындалуын үйрету; шеңберге тұру техникасы туралы ақпарат беру; еңбетеп өту, кедергілерден аттап өту жаттығулары; ептілікті, тәуелсіздікті дамыту.</p>				
<b>Қыстайтын құстар / Зимующие птицы / Wintering birds // (4-апта)</b>					
Мақсаты. Балалардың құстардың тіршілігіне, ұшу, жемді шоқу қимылдарына деген қызығушылықтарын тудыру.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	<p>Дене шынықтыру.</p> <p>Тақырыбы: "Құстар ұшып самғайды".</p> <p>Мақсаты: Балалардың қол ұстасып шеңбер бойымен жүру қабілетін нығайту; шеңберге тұру; дене</p>	<p>Көркем әдебиет.</p> <p>Тақырыбы: ""Қолғап" орыс халық ертегісі".</p> <p>Мақсаты: Көркем әдебиетке деген танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру.</p>	<p>Жаратылыстану.</p> <p>Тақырыбы: "Жемшашарға құстар қонды".</p> <p>Мақсаты: Жанды және жансыз табиғат құбылыстары туралы алғашқы түсініктерді</p>	<p>Музыка.</p> <p>Тақырыбы: "Кел, балақан".</p> <p>Мақсаты: Балаларға әуен басталған кезде қимыл - қозғалысты бастауға және оның соңында аяқтауға</p>	



<p>жаттығуларының тұрыс орындалуын үйрету; шеңберге тұру техникасы туралы ақпарат беру; еңбетеп өту, келергілерден аттап өту жаттығулары; ептілікті, тәуелсіздікті дамыту.</p>	<p>Балаларға ертегіні мұқият тыңдауға, кейіпкерлерді есте сақтауға үйрету; есінде қалған кейіпкерлердің жеке бұркемелі аттарын қайталауға, кейбір жануарлардың қимыл - қозғалыстарын салуға үйрету; байланыстырып сөйлеуін, ойлауын, қиялын дамыту; Сөздік қорын кеңейтіп, байыту; ертегі бейнесін жеткізе білу қабілетін дамыту.</p>	<p>қалыптастыру; балаларды қоректендіргішке тамақтануға ұшып келген қыстайтын құстарды байқауға үйрету; құстарды суреттерден танып, оларды атау білу. Зейінділікті, байқампаздықты, қызығушылықты, сөйлеуді дамыту. Құстарға деген қамқорлықты тәрбиелеу, оларға қиын қысқы жағдайларда көмек көрсету.</p>	<p>үйрету. Балаларды ән тыңдауға, олардың мазмұнын түсінуге үйрету. Шашыранқы күйде би қимылдарын орындау; әннің мазмұнын өзгерте отырып, қимылдарды өзгерту. Музыкалық әуен ырғағына қарай қимыл жасауға тәрбиелеу.</p>	
<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Құстарға жем берейік". Мақсаты: Допты екі қолмен кеудеден төмен және алға лақтыру қабілетін нығайту; допты бастың артынан лақтыру техникасын</p>			<p>Мүсіндеу. Тақырыбы: "Құстарға арналған жидектер". Мақсаты: Сары, қызыл, көк түстерді ажырата білу, заттардың пішінін білу, кесек ермексаздан бөлшекті үзіп алу тәсілін білуді бекіту,</p>	



<p>жетілдіру; лактыру дағдысын оң және сол қолмен жетілдіру; балалардың берілген бағытта затты қарқынды итеру немесе лактыру қабілетін кеңейту; лактыру қабілетін, дененің, қолдың және саусақтың бұлшықеттерін дамыту; жалпы дамыту жаттығуларын текшемен орындау қабілетін дамыту; лактыру кезінде ептілік пен дәлдік дағдыларын дамыту; қыстайтын құстар туралы білімдерін толықтыру.</p>			<p>ермексазбен жкмыс жасау ынтасын ояту.</p>	
<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Орманнан шыққан дыбыстар". Максаты: Балалардың доптармен жалпы дамыту жаттығуларын орындау кезінде ептілік</p>				

	<p>пен зейіндерін дамыту; бірінен соң бірі жүру және жүгіре білу; жұпта, тізбекте және қатарда 2-3 баладан жүру; әуенге сәйкес би қимылдарын орындау; допты жоғарыдан лақтыру қабілеттерін жүзеге асыру; допты алысқа лақтыру қабілетін арттыру; оқу қызметін пысықтау.</p>				
--	---	--	--	--	--